

Қазақстан Республикасының меншігіне Өзбекстан Республикасында жылжымайтын мүлік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 777 қаулысы

Мемлекеттік қаражатты ұтымды пайдалану және Қазақстан Республикасының меншігіндегі шет елдердегі жылжымайтын мүлік объектілерінің тізбесін кеңейту жөніндегі белгіленген жобаларды одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің дипломатиялық қызмет персоналын орналастыру үшін Ташкент қаласындағы жылжымайтын мүлікті қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жылжымайтын мүлікті сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақы төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 64215 (алпыс төрт мың екі жүз он бес) АҚШ долларына баламалы сомада ақы төлеуді заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 т а м ы з д а ғ ы

N 7 7 7 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасының меншігіне Ташкент қаласында (Өзбекстан Республикасы) сатып алынатын жылжымайтын мүлік тізбесі

1 . 2 б ө л м е л і п ә т е р
М и р о б а д а у д а н ы

Маштабий көшесі 6-үй, 28-пәтер
құны 8500 АҚШ доллары
2 . 2 бөлмелі пәтер
Миробад ауданы

Маштабий көшесі 6-үй, 29-пәтер
құны 8500 АҚШ доллары
3 . 2 бөлмелі пәтер
Миробад ауданы

Маштабий көшесі 4-үй, 48-пәтер
құны 9000 АҚШ доллары
4 . 3 бөлмелі пәтер
Миробад ауданы

Саид Барак көшесі 6-үй, 31-пәтер
құны 10000 АҚШ доллары
5 . 3 бөлмелі пәтер
Миробад ауданы

Афросиаб көшесі 6-үй, 43-пәтер
құны 10500 АҚШ доллары
6 . 3 бөлмелі пәтер
Миробад ауданы

Эльтек көшесі 311-үй, 31-пәтер

құны 10500 АҚШ доллары

Мәмілені ресімдеу жөніндегі қызметтер
көрсету ақысы - 7215 АҚШ доллары